

**З.Ш. Айткенов<sup>1</sup>, \*Д.Е. Мырзабекова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup> Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті  
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы  
e-mail: danochka\_erasyl@mail.ru

**ТАРИХ ПӘНІ БОЙЫНША ФАКУЛЬТАТИВТІК САБАҚТАРДА  
ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ**

**Анотация.** Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру процесі көптеген өзгерістерге ұшырады, құрылымы мен мазмұнына айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Кейбір пәндердің білім беру бағдарламалары қысқарып, тарих сияқты мазмұны терең пәннен толық, жан-жақты білім алу мақсатында сабақтан тыс қосымша білім алулары маңызды мәселе болып қалыптасты. Білімдерін толықтыру, тереңдету, түрлі білік-дағдыларын жетілдіре түсу мақсатында өткізілетін факультативтік курстарды тиімді, қызықты, мазмұнды етіп өткізу үшін заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана білу маңызды. Мұндай әдіс-тәсілдерді қолдану оқытудың тиімділігін арттырады, оқушылардың білім, білік, дағдыларының нығая түсуіне септігін тигізеді. Мұғалімнің басты міндеті – оқу-тәрбие процесін қызықты ету, сабақтарды әр-түрлі және бірінен-бірін ерекшелеу, әр сабаққа жаңашылдың енгізу, білім алушыларда жұмыс көңіл күйін қалыптастыру, оқу материалын игерудегі қиындықтарды жеңуді жеңілдету. Заманауи әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдана білу бұл мәселені шешуге үлкен көмек көрсетеді.

Бұл мақалада тарих пәнінен факультативті сабақтарды өткізген кезде заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану мәселесі қарастырылады. Сабақты тиімді өткізудің заманауи әдіс-тәсілдері жетіп артылады, алайда әр пәнге сай әдістің өзіндік ерекшеліктері болады, пәннің мазмұнына сәйкес келетінін саралап алу қажет. Әдеттегі сабақтан факультативті сабақтың айырмашылығы оған оқушылардың ерікті түрде қызығушылықтарына қарай қатысуы, сол себепті қосымша сабақты тартымды, қызықты, тиімді етіп өткізу үшін мұғалімнің кәсіби шеберлігімен қатар заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалануы маңызды. Осы мақалада жиналған мәліметті пайдалану оқушыларға тарих пәнінен қосымша сабақтарды қызықты өткізуге мүмкіндік береді, басқа пән ұстаздарына да қолдануға пайдалы болады.

**Кілтті сөздер:** әдіс-тәсілдер, факультатив, тарих, интербелсенді әдістер, жоба әдісі, ойын әдісі, мәтінмен жұмыс, тұлғатану.

### Кіріспе

Мақала жалпы орта білім беретін мектептерде тарих пәні бойынша факультативтік сабақтарда қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану проблемасын талдауға арналған. Қазіргі уақытта бұл мәселенің актуалдығы білім беру стандарттарының өзгеруіне байланысты өсті. Бүгінгі күнде заманауи мектеп алдында тұрған міндет – күзиретті, бастамашыл, отансүйгіш, шығармашыл, жан-жақты, жаңаша ойлайтын, алған білімдерін өмірде қолдана білетін адамдарды тәрбиелеп шығару. Ауыспалы қоғамда отансүйгіштік тәрбие түсінігі бұрынғы маңыздылығын жоғалтқан болатын. Оның үстіне, тарих пәні бойынша білім беру курстарының үнемі өзгеруі, мектеп бағдарламасында тарих пәніне бөлінетін сағат санының қысқаруы болашақ отансүйгіш азаматтарды тәрбиелеуде оқытудың басқа формаларын қолдану өткір тұрған мәселе. Тарихи білім берудің құралдарын әртүрлілендіру, әсіресе тарих пәнінен сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруды талап етеді. Оны өткізуге арналған материалдар жеткілікті, олардың оқушыға әсер ету тиімділігі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне және де әдістемелік тәсілдер мен заманауи әдістерді қолдана білуіне байланысты.

Мақаланың мақсаты – тарих пәні бойынша орта және жоғары сыныптарда тарих пәні бойынша факультативтік сабақтарда заманауи әдіс-тәсілдердің қолданылу ерекшеліктерін зерттеп сипаттау және оларды қолданудың маңыздылығын дәлелдеу.

Факультативті курс – бұл жоғары оқу орнының студенттері, арнайы орта және кәсіби-техникалық оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептердің оқушылары (жоғары сыныптар) қалауы бойынша оқитын міндетті емес оқу курсы. «Факультативті» термині (фр. facultatif және лат. facultas – мүмкіндік) мүмкін болатын, міндетті емес, таңдауға болатын (мысалы факультативті курс) дегенді білдіреді. Педагогикалық энциклопедияға сәйкес заманауи мектепте факультативті курстар (тақырыптар) оқу бағдарламалары мен жоспарымен анықталатын жалпы білім беретін негізгі білім көлеміне қосымша болып саналады, ал факультативтік курстар – оқушылардың қалауы мен қызығушылықтарына сәйкес жеке курстар, тақырыптар немесе сұрақтар бойынша білімін тереңдетіп кеңейту үшін ұйымдастырылатын міндетті емес сабақтар [1].

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 14 тармағында оқу жүктемесінің вариативті компоненті – білім беру ұйымының оқушылардың білім қажеттіліктеріне сәйкес анықталатын типтік оқу жоспарының құрамды компоненті, 20 тармағында – элективті курс – оқушының білім алу дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамды бөлігі деп жазылған [2].

### **Материалдар және әдістер**

Мақалада бүгінгі күнге дейін тарих пәні бойынша сабақтан тыс жұмысты ұйымдастырудың үлгілері қарастырылған ғылыми әдебиеттер мен баспасөз материалдары іріктеліп, оқып, зерделенген. Сыныптан тыс жұмысты, атап айтқанда, факультативтік курсты ұйымдастыруда мүмкін болатын әдіс-тәсілдер көрсетілген. Мақаланы жазу барысында педагогикалық және әдеби әдістерді талдау, педагогикалық тәжірибені зерттеу және жалпылау, педагогикалық эксперимент, эксперименттік мәліметтерді жалпылау әдістері қолданылды. Зерттеу заманауи білім беру ортасын бақылау негізінде жүргізілді. Практикалық іс-әрекет пен теориялық білімді талдау барысында факультативтік курсты оқыту кезінде қолдануға болатын жоба әдісі, мұражайлық сабақ, интербелсенді презентациялар, бейнефильмдер, ойын әдісі қарастырылды.

Сабақтан тыс жұмыстардың басты міндеттерінің бірі – оқушылардың пән бойынша білімін жаңа фактілермен, ұғымдармен толықтыру.

Тарих пәнінің басқа пәндерден ерекшелігі – негізінен өте ертедегі дәйектерді, оқиғаларды баяндауында. Ол фактілерді оқушыларға құр сөзбен түсіндіре салғанда оқушыларда бастапқы білім жеткіліксіз қалыптасады. Оның үстіне қазіргі кезеңде қалыптасқан «клиптік ойлау», ақпарат табудың оңай жолдары оқушыларды мүлде оқулықпен, дереккөзбен, тарихи мәліметпен жұмыс жасаудың қажеттілігінен айырды. Тарихи білімді тиімді қалыптастыру үшін өткен оқиғаның, фактінің бейнесін оқушылардың көз алдына елестете отырып, оларда сол оқиға туралы түсінік қалыптастыру керек. [3] Осы орайда, әдеттегі сабақ үстінде қамтылмай қалған немесе аз қамтылып оқушыларда толық түсінік қалыптасып үлгермеген тақырыптарды, фактілерді, мектеп бағдарламасынан тыс сабақтарда, яғни, факультативтік сабақтарда өткізу маңызды; жай, құрғақ фактілермен ұсына салмай, қызықты, тартымды, тиімді етіп өткізу, факультативтік курс міндетті сабақ түрі болмағандықтан оқушыларды оның жұмысына тарту мақсатында курсты қызықты, пайдалы етіп өткізу – негізгі міндеттердің бірі, оны жүзеге асыру үшін мұғалімнің кәсіби шеберлігімен қатар заманауи әдіс-тәсілдер мен технологияларды пайдалануы үлкен рөл атқарады.

Тарих пәнінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, бағдарламада көрсетілген сабақ санының қысқаруы ескеріліп, әрбір сабақ сайын жаңа материал өтуге тура келеді. Сондай ақ қайталау сабақтарына уақыт тым аз қалатындықтан немесе уақыт жетіспейтіндіктен сабақтың үстінде өтілген жаңа материалды пысықтау – күрделі мәселелермен, ұғымдармен, терминдермен жұмыс жүргізіп, сол уақытқа дейін меңгерген білік пен дағдыларын жетілдіре түсу сабақтан тыс жұмыстың міндеті болып табылады.

Тарих пәнін оқытуда факультативтік сабақтардың маңызы зор, олар негізгі екі міндетті шешеді: біріншіден, қызығушылықты ояту, пән бойынша білімін тереңдету, білік пен дағдыларын жетілдіру; екіншіден, оқушылардың жалпы дамуы мақсатында бос уақыттарын ұйымдастыру. Тарих пәнінен факультативтік сабақтарда оқушылардың пән шеңберінде танымдық дағдылары, шығармашылық ойлау қабілеті, қиял, белсенділігі, өз ойын логикалық саптау, жеткізе білу қабілеттері, ақпараттық кеңістікте бағдарлана білу дағдылары дамиды.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, қазіргі заманғы оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екенін естен шығармау тиіс. Оқыту барысында жаңа технологияларды пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой-өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді [4].

Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері оқушының оқу-танымдық әрекетін белсендендіруге бағытталған тәсілдер жиынтығы. Оқу материалының жақсы қабылданып, есте сақталуына септігін тигізетін материалды ұсынудың тиімді формасы видеофильмдер болып табылады.

Заманауи әлемде адамды көптеген ақпараттық технологиялар қоршаған: компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер, электрондық кітаптар, смартфондар. Бұлардың барлығы адам өмірін түрлендіріп жеңілдетеді. Тарих пәнінен факультативтік курстарды өткізген кезде қолдануға қолайлы тәсіл – тақырыптық видеороликтер (мультфильмдер, көркем және деректі фильмдер, сериалдар мен ғылыми-танымдық бағдарламалар), олар танымдық мазмұнда болуы керек (тақырып бойынша жаңа материал, материалды кеңейту, бекіту, қайталау). Сабақ үстінде қолданылатын деректі, көркем фильмдердің үзінділерінің, бейне материалдардың көмегімен оқушылар өткеннің тікелей ортасына түсе алады, тарихи оқиғалардың куәлары мен қатысушыларының бейнесін көріп дауыстарын ести алады. Г.Б. Қозғамбаева, Н.К. Алпысбаева өз еңбегінде видеофильмдерді шамадан тыс қолданудың кемшіліктерін де атап өткен, олардың пікірінше, мұғалімнің сабаққа әзірленуі төмендеп, оқушылардың мұндай сабақтарға көңіл көтеру ретінде қарау қаупі бар [1]. Бейнематериалдарды сабақта қолдану мұғалімнің жоғары дайындығын қажет етеді, себебі мұғалім оқушыларға ұсынатын материалдың мазмұнын жақсы білуі тиіс және алдын ала көріп алуы қажет. М.Т. Студеникин де оқушыларға ұсынылатын бейнематериалдарға жоғары дидактикалық талаптар қояды, атап айтқанда: жоғары эстетикалық деңгейі мен эмоциялық әсері; танымдық маңызы; фактологиялық шынайылығы; көркем образдардың қарастырылып жатқан кезеңнің шындығымен байланысы; қойылған оқу, дамыту

және тәрбиелік міндеттерді тиімді шешуге бағытталған сабақтарды дұрыс тандау. Автордың ойынша, оқу материалдарын негізінен әдеттегі сабақ кезінде, ал көркем фильм үзінділерін сабақтан тыс уақытта көрсеткен дұрыс, себебі олар көбінесе тәрбиелік міндеттерді шешуге бағытталады [14].

Ұлы Отан соғысы кезеңін, индустрияландыру, ұжымдастыру, тың игеру кезеңінің көптеген бейнематериалдары оқушыларға көп мағлұмат береді. Абылай ханның билігі кезеңін оқыған кезде «Көшпенділер» көркем фильмінен, сақтардың тәуелсіздік үшін күресі тақырыбын қарастырғанда «Томирис» фильмінен үзінді көрсетуге болады. Видеоны көріп болған соң оқушылар видео бойынша тапсырмалар орындауы мүмкін. Мұғалім ғаламтор желісінен дайын видеоматериалды пайдалануына немесе бейнефильмді өзі әзірлеуіне болады. Сонымен қатар оқушыларға жеке немесе жұптық, топтық жұмыс ретінде белгілі бір тақырыпқа бейнефильм әзірлеп келуді тапсыру оқушылардың белсенділігін арттырады.

Оқу процесінде бейнероликтерді пайдаланудың тиімділігі:

- оқушыларға меңгеріп жатқан құбылыстар, процестер мен оқиғалар жайлы әлдеқайда толық, шынайы мәлімет беру;
- оқу процесінде көрнекіліктің ролін арттыру;
- оқушылардың сұраныстарын, қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру;
- оқу материалының тереңірек игерілуін қамтамасыз ету;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасау [5].

Тарих пәні бойынша дәстүрлі сабақтарда да, сабақтан тыс факультативтік, элективтік курстар барысында да оқытудың тиімділігін арттырудың келесі бір тәсілі – мультимедиалық презентациялар болып табылады. Күрделі тақырыптарды немесе аса қызығушылық туғызбайтын тақырыптарды оқытқанда мультимедиалық презентациялардың көмегі зор. Презентация мұғалімге түсіндіретін тақырыпты иллюстрациялауға мүмкіндік береді. Мәселен, «XV–XVII ғғ. Қазақ хандығының мәдениеті» тақырыбын оқыған кезде ұлттық киім, әшекей бұйымдар, ыдыс, киіз үй жабдықтары бейнеленген бейнефрагментті көрсетуге болады. Power Point бағдарламасы зерттелетін объектіге назар аудара отырып, көру кеңістігін шамадан тыс жүктемеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар гиперсілтемені қолдана отырып аз уақытта сабақтың кез келген жеріне оралуға болады.

Оқушыларға презентация әзірлеп келуге тапсырма беру – олардың зерттеушілік дағдыларын дамытады, себебі әр презентацияны дайындау үшін оқушылар көптеген ақпарат көздерімен жұмыс істейді, логикалық ойлауы, шығармашылық қабілеті дамиды. Дайындаған презентациясын қорғау барысында көпшілік алдында сөйлеу дағдысы, шешендік тәжірибесі қалыптасады.

Мультимедиалық презентацияларды қолданудың артықшылықтары:

1) оқу материалын артық мәтінмен жүктемей, құрылымды реттелген тірек бейнелердің жүйесі ретінде көрсетуге мүмкіндік береді;

2) оқу уақытын қысқартады, шығармашылық тапсырмаларға көбірек көңіл бөлінеді;

3) оқушылардың өзіндік танымдық әрекетін ұйымдастыруға үлкен мүмкіндік жасалады;

4) алған білімді сапалы, берік бекітуге әкеледі;

5) сабақтың кез келген кезеңінде, сабақтан тыс әрекет кезінде, түрлі сайыстар, байқаулар өткізу барысында қолдануға болады;

Кез келген тәсіл ретінде, мультимедиалық презентацияларды сабақ үстінде қолданудың кемшіліктері де бар:

1) мұғалімнің үлкен еңбегі мен ұзақ даярлығын қажет етеді;

2) материалды-техникалық жабдықталудың толық еместігі, яғни кейбір, әсіресе ауыл мектептерінде компьютерлік техниканың немесе интербелсенді тақта, проекторлардың жеткіліксіздігі немесе мүлде болмауы [6].

Компьютермен немесе интербелсенді тақта, проектормен ұзақ уақыт жұмыс жасау оқушының денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін, шаршау пайда болады, бұл оқу материалын қабылдауды тежеуге әкеледі. Сондықтан денсаулық сақтау технологияларын қолдану маңызды (дене шынықтыру минуттары, қысқа үзілістер).

Келесі әдіс – тұлғатану, яғни тарих пәнінен факультатив кезінде тарихымызда өшпес із қалдырған, тарихи оқиғаларға себепкер болған ұлы тұлғалардың өмірбаяны мен қызмет жолын оқушыларға үлгі ете отырып оқыту. Орыс этномологы және философы Александр Александрович Любищев: «Ұлы тарихи тұлға – тарихты қозғайтын тұлға» деп жазған. Тарихи тұлғаларды, олардың тарихи даму үрдісіне тигізген әсерін зерттеу қарапайым оқиғалар, фактілермен жұмысқа қарағанда әлдеқайда қызықты, әрі есте сақталады. [7]. Тарихи тұлғалардың өмірбаянын, қызмет жолын зерттеу оқушы әрекетінің негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Бұл жұмысты оңтайлы ұйымдастырып әдістемелі түрде түрлілендіру маңызды. Мысалы, тұлғатану бойынша жұмысты мынадай бағыттарда жүргізуге болады:

1-нұсқа. Тарихи тұлғаларды ұсынылған алгоритм бойынша зерттеу:

1) тұлғаның аты-жөнін есте сақтау; 2) қызмет жолының кезеңдерімен, мазмұнымен танысу; 3) аталған тұлға белгілі бір уақытта кімнің мүдделерін қорғады; 4) тұлға өмір сүрген тарихи кезеңді сипаттау; 5) тарихи тұлғаға өз замандастары мен заманауи тарихшылардың берген бағасы.

2-нұсқа. Мұғалім тұлғаның есімін атамай оған деген қызығушылық туғызады. Бір сабақтың үстінде немесе әр сабақтан сабаққа жаңа сипаттамалар

мен мәліметтерді қосып отырады. Ақпарат жеткілікті жиналған кезде оқушылар мұғалімдері кімді меңзеп тұрғандығын таниды.

Тұлғатану бағытын дамыту маңызды мәселе болып табылады. Оқушыларға қазақ елінің тарихына үлес қосқан, азаттық үшін қан төгіп тарихта ізі қалған тарихи тұлғалардың өмірі және шығармашылығымен танысу бойларында өз еліне, өткен тарихына деген құрмет сезімін тәрбиелеп, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа баулиды [5]. Бекіту формасы ретінде оқушыларға бір тарихи тұлғаны беріп ол жайында ізденіп жоба дайындап келу арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыта аламыз. Зерттеу нәтижелерімен оқушылар ғылыми конференцияларда, түрлі білім додаларында бөлісе алады.

Келесі тиімді әдіс-тәсілдің бірі – интербелсенді. Интербелсенді («inter» – өзара, «act» – әрекет ету) – әрекеттесу, біреумен сұхбат, диалог түрінде қатынасу дегенді білдіреді [6]. Мұндай жұмыс түрінде мұғалім сабақтың мақсатына жету жолындағы бардарлаушы есебінде болады. Ал интербелсенді оқыту, ең алдымен, диалогтік оқытуға жатады.

Интербелсенді оқыту формаларының міндеттері:

- 1) Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту;
- 2) Оқу материалын тиімді игеру;
- 3) Оқушылардың қойылған оқу міндеттеріне жету жолдары мен шешімдерін өздігінен іздеуі (ұсынылған нұсқалар арасынан немесе өз нұсқасын атап оны негіздеу);
- 4) Оқушылар арасында әрекеттестік орнату, топта жұмыс істеуге дағдыландыру, кез келген пікірге төзімділікпен қарау, әркімнің сөз бостандығына құқығын, ар-ожданын құрметтеу.

Факультативті сабақты әдеттегі сабақтан ерекшелендіру, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақта қолданылатын үйреншікті әдістерден басқа тәсілдерді қолдану тиімдірек. Мұндайда мұғалім интербелсенді оқытудың келесідей формаларын қолдануына болады:

- 1) Сыныптан тыс сабақтар (мысалы, мұражай, архив),
- 2) Іскерлік және рольдік ойындар (мысалы «сот отырысы», «келіссөздер үстелі», елшілік т.б.);
- 3) Case-study (нақты жағдаяттар талдауы, нақты кейстерді талдау);
- 4) Жобалар әдісі (белгілі бір тақырыпты алып шағын жобалар қорғау) [7].

Соңғы жылдары көп мектептерде патриоттық тәрбие берудің құралы ретінде мұражай сабағы кең тарала бастады. Бұл өскелең ұрпақтың отансүйгіштік, патриоттық қасиеттерін қалыптастыру жолындағы оңтайлы әдістері мен жолдарын іздестірумен байланысты. Осы орайда білім беру ұйымының, сонымен қатар

қаланың мұражай кеңістігі маңызды рөл атқарады. Мұндай әдісті қолдану үшін мұғалім мұражай педагогикасының технологиясын білуі тиіс.

Мұражай сабақтарында ойын ситуацияларын қалыптастыру, театрландыру, өз бетінше танымдық әрекет әдістері қолданылады. Мұражайға бару – өз алдына саяхат. Мұражай базасында сабақ өткізу оқушылардың қызығушылығын туғызады, сабақ үстінде алған білімдерінің тереңдеуіне, көрнекіленуіне жағдай жасайды. Мұражай сабағын қорытындылаудың ең тиімді жолы – шығармашылық жұмыс, ол реферат, эссе, презентация қорғау, кішігірім жобалар жазу түрінде болуы мүмкін.

Мұражай педагогикасының идеяларына сүйене отырып, сабақты ұйымдастырғанда тиімді мұражайлық-педагогикалық технологиялар пайдаланылады (М.В. Воронович, И.В. Коробова, Н.О. Рогова, И.Н. Семенова, Т. Скобликова, М.Ю. Юхневич және т.б.). Педагогикалық әдебиеттерде мұражайлық-педагогикалық технологиялардың келесі нұсқалары ұсынылған: көрмелер, ойын әдістері, ұжымдықшығармашылықжұмыстар, проблемалықжәнежекеоқыту.Г.Фройденталь мұражайда сабақ өткізудің төмендегідей талаптарын қалыптастырды:

1) Мұражайға бару – сабақ, демек оның оқу, тәрбие және дамытушылық мақсаты болу керек; мұғалім мен оқушылар мұражайға барудың көңіл көтеру емес, дайындықты талап ететін жұмыс екендігін түсінулері керек;

2) Мұражайға арнайы дайындықтан кейін бару керек;

3) «Оқушы түгілі, ересек адамның қабылдауына ауыр» ауқымды экскурсиялардан бас тартқан дұрыс;

4) Экскурсиялық көрсетілім үшін балалардың жас ерекшеліктерін сай жәдігерлерді таңдау қажет;

5) Мұражай сабағының нәтижесі балалардың жеке шығармашылық жұмысы болуы тиіс (сурет, қолдан жасалған бұйым, модельдер т.б.) [8].

Әдістер мен тәсілдер сабақтың мақсат-міндеттеріне және оқушылардың қабілеттері, біліктері мен дағдыларына байланысты таңдалады.

1) Көрнекілік әдісі. Сабақты ауызша түсіндіру жәдігерлерді (мұражай заттарын), мультимедиялық слайдтарды, фотосуреттер, суреттер, сызбалар және т.б. көрсетумен ұштастырылады. Жәдігерлерді көрсеткенде әрқайсысын түсіндіре кету керек.

2) Сұрақ-жауап әдісі (диалогтік әдіс). Мұражайлық әдебиеттерде бұл әдіс «эвристикалық» деген атауға ие болды (грекше «эврика» – «табу», дұрыс жауабын табу. Мұндай әдісті қолдану кезінде оқушылар қызықты әңгімеге тартылып, білімін көрсете алады, ойлау қабілеттері дамиды.

3) Бұрынғы оқиғаларға «бату» әдісі. Мұражайларда ғылыми қызметкерлер қолданатын кең таралған әдістердің бірі. Бұл әдісте оқушылар қарастырылып



отырған кезеңнің қоршаған орта жағдайын, адамдардың тұрмыс-тіршілігін толық көз алдарына елестетеді. Бұл жерде мұражайда сол кезеңнің қажетті жәдігерлері болса жақсы, болмаған жағдайда оны сипаттау арқылы елестетуге, сонымен қатар балалардың қиялын пайдалануға болады.

4) Театрландыру әдісі. Балалар ерекше, әсем оқиғаларды ұнатады, оны театрландыру әдісін қолдану арқылы іске асыру мүмкін. Бұл әдісті толықтай жүзеге асыру үшін мұражайда қарастырылып отырған кезеңнің жәдігерлері болса (мысалы, хан-патшалардың киімдері, қару жарақтары, хан тағы, батырлардың ат әбзелдері т.б.) оқушылардың ерекше қызығушылығын тудырып пәнге деген ынта-ықыласын арттыруы сөзсіз.

5) Практикалық әдіс. Бұл әдіс ауызша (ән, ертегі, батырлар жырларын оқу), жазбаша, графикалық, заттай (материалдық заттарды дайындау) жұмыстардан көрініс табады. Практикалық әдістің ең тиімді түрінің бірі материалды затпен практикалық жұмыс жасау (мысалы, баяндау барысында ғылыми қызметкер қандай да бір затты қалай қолданғандығын көрсетеді, балалар сол процесті қайталап көреді) [9].

Мұражайға тікелей бара алмайтын жағдайлар болса (мәселен, қаладан, облыс орталығынан алыс елді мекендегі мектеп болса немесе карантиндік шектеу шаралары кезінде) виртуалды мұражай қызметін қолдануға болады. Соңғы екі жылдағы тәжірибе көрсеткендей, қашықтық білім беру технологиялары өмірімізге тереңдей еніп өз тиімділігін, ұтқырлығын көрсетті. Әрбір оқушы еліміздің түпкір-түпкіріндегі түрлі мұражайларға виртуалды түрде саяхаттай алды.

Ойын технологиясын пайдалану. Педагогика ғылымдарының докторы С.А. Шмаковтың пікірінше, ойын педагогикалық феномен ретінде келесі маңызды функцияларды атқарады:

- Әлеуметтену функциясы;
- Ұлтаралық қарым-қатынас функциясы;
- Баланың өзін өзі реализациялау функциясы;

Сабақ үстінде ойын әдістерін қолданудың өзіндік тәртібі бар, мысалы, орта буын оқушыларымен көбіне «Кім тапқыр», «Ақсерек, көксерек», «Жасырылғанды тап» сияқты белсенді, танымдық ойындар айналса, жоғары сыныптарда негізінен іскерлік ойындарды, «XXI ғасыр көшбасшысы», «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» сияқты сайыс ойындарын өткізген жөн. В.С. Кукушкин «Педагогические технологии» атты оқу құралында іскерлік ойындардың келесі түрлерін сипаттайды: имитациялық, операциялық, рөлдік ойындар, іскерлік театр, психограмма және социограмма. Имитациялық, рөлдік ойындар қандай да бір тарихи тұлғаның, немесе оқиғаның қатысушыларын сомдау, іскерлік театр кезінде ситуациялық жағдай қарастырылып кейіпкердің әрекеті көрсетіледі.

Кез келген пән мұғалімі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқу мотивациясының қалыптасып дамуына көңіл бөлуі қажет. Оқытуда ойын әдіс-тәсілдерін қолдану оқу мотивациясын қалыптастырудың таптырмас жолы. Ойын әдістерін қолдану барысында мотивацияның көптеген түрлері қалыптасады:

Қарым-қатынас мотивациясы:

– Ойынға қатысып, бірге міндеттерді шешіп, достарының пікірімен санасуға, араласуға үйренеді;

– Ойын үстінде ұжымдық міндеттерді шешу барысында оқушылардың түрлі мүмкіндіктері іске қосылады. Практикалық әрекет кезінде тәжірибе барысында жылдам ойлайтын, сыни бағалай алатын, мұқият жұмыс істейтін, тәуекелге бел буа алатын сыныптастарын бағалай алады;

– Ойын кезінде бірлескен эмоциялық қобалжу тұлғааралық қатынастардың нығаюына жағдай жасайды.

Моральдік мотивация:

– Ойын барысында әр қатысушы өзін көрсетіп, білім, білік, мінезін, ерік-жігерін, адамдарға деген қатынасын байқата алады;

Танымдық мотивация:

– Кез келген ойын нәтижеге бағытталған (аяқталуы) және оқушыны мақсатқа (жеңіске) жетуге жетелейді, және жеңіске жету үшін жолын түсінуге (басқа сыныптастарынан көбірек білу).

Рөлдік ойындар кезінде оқушылар әлеуметтік бетпердені киіп тарихи жағдайға ене алады, өздерін зерттеліп жатқан тарихи процестің бір бөлігі ретінде сезінеді.

Сәттілік жағдайлары танымдық қызығушылықтың дамуына қолайлы эмоционалды орта қалыптастырады. Сәтсіздік жеке жеңіліс ретінде емес, ойындағы жеңіліс ретінде қабылданып танымдық әрекетті ынталандырады (реванш). Ойынның ажырамас бөлігі жарыс оқушыларға қашан да қызықты. Ойыннан алынған қуаныш сезімі тарих сабақтарында ыңғайлы жағдай туындатады және пәнді оқуға деген ынтасын жоғарылатады [10].

Іскерлік немесе рольдік ойындар кезінде дүние жүзі тарихынан ұлы державалардың басшыларының кездесулерін, тарихта үлкен із қалдырған конференциялар, тарихи келісімшарттарды; Қазақстан тарихынан билер кеңесін, құрылтай, жиындарды, елдер арасындағы елшілік қатынастарды ойын сарынына салып немесе рольге бөліп көрсетуге болады. Мұндай тапсырмалар оқушыларды өздерін тарихи кейіпкер орнына қоюға, мүмкін болатын шешімдерді қарастыруға, проблемалық жағдаяттарды шешуге дағдыландыруға, қабылдаған шешімдерінің салдарларын болжай білуге үйретеді. «Мен кім?» ойыны кезінде бір оқушы тари-

хи кейіпкердің киімін киіп өзі жайлы сипаттамаларды айтады, басқа оқушылар кім екенін тауып алуы тиіс.

Case-study әдісі алғаш рет XX ғасырдың 20 жылдары Гарвард бизнес мектебінде қолданылды. Мектептің оқытушылары бизнестегі аспиранттық бағдарламаға сәйкес келетін оқулықтардың жоқтығына көз жеткізген соң, бұл мәселені шешудің басқа жолын қарастырды. Тыңдаушыларға шынайы ұйым өз қызметінде тап болған белгілі бір жағдай сипатталып, олардың жағдаймен танысуларына, ұжымдық талқылау кезінде шешім табу үшін ұсынылды. Кейс-стади әдісін зерттеумен Ресейде Ю.Д. Красовский, Г.А. Брянский, Ю.Ю. Екатеринославский, О.В. Козлова, В.Я. Платов, Д.А. Поспелов, О.А. Овсянников, В.С. Рапопорт, О.Г. Смолянинова және т.б. айналысты.

Қазақстанда кейс-стади әдісін зерттеп, оны тәжірибеде қолданумен айналысқандар С.С. Джубатырова, Н.Г. Абулхайрова, олар М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің базасында 2006 жылы «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша сабақтарда кейс-әдісін қолдану» атты оқу құралын шығарды; кейс-әдісті зерттеуге жас ғалым Ерсін Юнисовтың «Полилингвалды білім беру тәжірибесіндегі кейс-әдіс» (С. Сейфуллин ат. Қазақ Агротехникалық университеті), Н.А. Слепцов «Кейс-әдіс кәсіби білім берудің құзіретті оқытушысын тәрбиелеудің құралы ретінде» (С. Сейфуллин ат. Қазақ Агротехникалық университеті) атты мақалалары арналды.

Кейс әдісі үлкен материалдық немесе уақыт шығындарын қажет етпейді. Артықшылықтары: тәжірибеге бағытталғандығы, талдауға берілген жағдаятты шынайы өмірге бейімдеу, қатысушылардың белсенділігі, қатысушылардың жайлы мотивациялы орта қалыптастыруы, кері байланыс алу мүмкіндігі, қатысушылардың өз кемшіліктерін көруі, каталесе алу мүмкіндігі және өз кателерін талдау [11].

Бастапқыда кейс әдісі экономика саласында, кейіннен заң саласында, тарихты және қоғамдық пәндерді оқытуда қолданыла бастады. Мектепте экономика, құқық, тарих, қоғамтану пәні сабақтарында қолданылады.

Аталмыш әдістің білім беру әлеуеті:

- Нақты жағдайлар материалында теориялық білімдерді көрсете алу мүмкіндігі;
- Оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандырады;
- Қажетті құзіреттіліктердің дамуына жағдай жасайды (деректермен жұмыс жасау, мәселелерді шешуде балама жолдарын іздестіру және т.б.);
- Түрлі практикалық дағдылардың қалыптасуына мүмкіндік береді;
- Аталған мәселені шешу үшін игеруге тиісті белгілі бір білімдерді актуализациялайды.

Ситуациялық талдау әдісінің (case study method) мәні – оқушы ұсынылған

мәселемен танысып «өздігінен жағдаятты талдап, мәселені анықтайды және басқа оқушылармен пікірталас барысында өз ойлары мен шешімдерін ұсынады. Оқу материалы оқушыларға микропроблемалар ретінде беріледі, ал білім олардың шешім қабылдау бойынша белсенді зерттеушілік және шығармашылық қызметінің нәтижесінде алынады.

Аталған әдісті қолданудағы дамытылатын дағдылар:

– Ақпаратты жіктеу, саралау, қалпына келтіру, талдау және іріктеп алу қажеттілігі талдау (аналитикалық) дағдылардың дамуына әкеледі;

– Кейсте ұсынылған мәселенің шынайы жағдайдағы мәселемен салыстырғандағы қиындық деңгейінің төмендігі практикалық дағдылардың дамуына септігін тигізеді;

– Кейс-жағдайды кұр логиканың көмегімен шеше алмағандықтан шығармашылық дағдылар қалыптасады;

– Топтарға бірігу, өз ойын негіздеу, қарсыласу т.б. қажеттілігі қарым-қатынас дағдыларын дамытады;

– Адамдардың мінез-құлқына баға беру, тыңдай білу, пікірталаста қорғау немесе қарама-қайшы пікірді дәлелдеу, өз-өзін ұстай білу әлеуметтік дағдыларды қалыптастырады.

Тарих сабақтарында, әсіресе мектеп бағдарламасынан тыс сабақтарда кейс технологиясының тиімді және тиімсіз жақтарына тоқталса, ең алдымен кейс әдісінің зерттеу технологияларының бір түрі екенін атап өту керек. Кейстерді зерттегенде тарихи құжаттармен жұмыс жүргізіледі, кейстерді құрастыру үшін тек шынайы проблемалық жағдайлар емес, тарихи фактілер, тарихи әдеби шығармалар алынады. Сонымен қатар, кейс әдісі – кішігірім іскерлік ойын іспетті, ойын технологиясын пайдалану тарих пәнін зерттеуде өте белсенділердің бірі екендігі баршаға мәлім.

Кейс-стади әдісінің тиімсіздігі – оқушыларға талдау үшін ұсынылатын кейс жаңа, заманға сай болуы тиіс, олардың көбі тез ескіріп қалады [12].

Case-study әдісі кезінде оқушыларға шешім қабылдау үшін нақты жағдаят (кейс) беріледі, сол тарихи тұлғаның орнында болған жағдайда не істейтінін, ол шешімі қандай салдарға әкелетінін түсіну дағдыларын қалыптастырады.

Кейс әдісінің мүмкіндіктерін қарастыра отырып мынадай қорытындыға келуге болады: бұл әдісті оқу үрдісіне енгізу бірқатар қиындықтар туғызады: жағдаяттарды саралау және таңдау бойынша күнделікті жұмыс, тапсырмаларды әзірлеу, кейстің өзін құрастыру кезінде мұғалімнің еңбегін қажет етеді. Алайда, алдымен оқушыларсыз даярлық кезеңінде, кейін оқушылармен сабақ барысында бұл әдісті қолдану оқу-тәрбие процесінің тиімділігін көтеріп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады [13].

Жоба әдісі – кез келген тақырып бойынша жеке немесе топтық шығармашылық жобаны орындау. М.Т. Студеникин өз еңбегінде оқушылардың жобалық жұмыстарына орындау уақытына қарай қысқа мерзімді (бірнеше сабақ бойы әзірленетін), орта мерзімді (бір айға дейін) және ұзақ мерзімді (бірнеше айға дейін) болып бөлінетіндігін атап өтеді. Формасы бойынша жеке және топтық, сипатына қарай басым әрекеттеріне негізделе отырып зерттеушілік, шығармашылық, ақпараттық, қолданбалы, ойын жобалары деп бөледі. Нақты бір жобаны ұсына отырып мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейін ескеруі тиіс [14]. Бұл әдісте оқушылар: әртүрлі дереккөздерден жетіспейтін білімді табады; танымдық және практикалық мәселелерді шешу үшін алған білімдерін пайдалануды үйренеді; әртүрлі топтарда жұмыс істей отырып, коммуникативті дағдыларды игереді; зерттеу дағдыларын дамытады (проблемаларды анықтау, ақпарат жинау, бақылау, эксперимент жүргізу, талдау, гипотеза құру, қарым-қатынас жасау дағдылары); жүйелік ойлау. Жалпы жобалық әдісті орта буыннан бастап оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту мақсатында қорытынды жалпылау сабақтарында, қайталау сабақтарында өткізіп отырған жөн. Жоғары буынға көшкенде оқушыларда ғылыми жобаларды жазу, зерттеу дағдылары қалыптасады. Бұл оқу материалының жақсы бекітіліп сабақтың тиімділігін арттырады.


Болған оқиғалар, құбылыстар мен процестерді шындыққа жанаспайтын болашаққа көшіру мүмкін болмағандықтан тарих жобалау объектісі бола алмайды деген пікір кездеседі (В.Г. Петрович). Бұл пікірдің жақтаушылары тарих пәнінен тек ретроспективалық («Егер осылай болса не болар еді...») және болжамдық («Үшінші мыңжылдықта әлем қандай болады?» және т.б.) жобалар орындалуы мүмкін дегенді алға қояды. Алайда көптеген ғалымдардың еңбектерінде (мысалы М.Т. Студеникин, Е.Е. Вяземский, Т.Т. Тұрлығұл) Қазақстан және дүние жүзі тарихы пәндерін оқытқан кезде жоба әдісін қолданудың тиімділігі көрсетілген. Сонымен қатар, мектептерде жоба әдісін тиімді қолданып жүрген ұстаздар саны жеткілікті.

### **Нәтижелер**

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты мен өзім қызмет ететін Павлодар ауданының Кемеңгер жалпы орта білім беру мектебінің 8–11 сыныптар оқушыларымен жүргіздім. 8–10 сыныптардағы факультативті және элективті курстарды оқытудағы түрлі әдіс тәсілдерді қолдану оқушылардың оқу жетістіктерінің біршама жоғары деңгейге көтерілгеніне көз жеткіздім. Мектебіміздің таңдаған бағыты жаратылыстану-математикалық бағыт болғандықтан 10–11 сыныптарда пән бағдарламасының аясы тарылып, қосымша сабақтар қосу қажеттілігі туын-

дады. Сонымен бірге бұл факультативтік сабақ оқушылардың болашақта ұлттық бірінғай тестілеуге даярлық кезінде септігін тигізуге көмектесті. Курсты оқыту барысында жоғарыда аталған Case-study, тарихи тұлғамен жұмыс, ойын элементтері, рольдік ойындар, жоба әдістері пайдаланылды. Нәтижесінде оқушылардың пәнге қызығушылықтары оянып, мектеп бағдарламасында толық қамтылмайтын тақырыптарды терең зерттеулеріне мүмкіндік туды, бірнеше оқушы тарихымызда өшпес із қалдырған тұлғалардың өмірбаяны мен қызмет жолы бойынша зерттеу жұмыстары мен жобалар жасады. Жалпы айтқанда, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану білім берудің тиімділігін арттырды, білім сапасының жоғарылауына септігін тигізді.

Бірінші экспериментке мысал ретінде 2021–2022 оқу жылындағы 11-сынып оқушыларының ұлттық бірінғай тестілеуде алған баллдарын қарастырдым. Бұл сыныпта мектеп компонентінен бөлінген «Тарихи тұлғалар» атты факультативтік курс жүргізілді. Бұл курстың мақсаты – 10–11 сыныптар бағдарламасында қарастырылмайтын, немесе бағдарлама бойынша аз сағат бөлініп жеткіліксіз оқытылатын Қазақстан тарихында үлкен із қалдырған тарихи тұлғалардың өмірбаяны мен қызмет жолына тереңірек тоқталу.




1-сурет. Эксперимент кезіндегі 11 сынып оқушыларының ҰБТ-да алған балл динамикасы.

Бұл диаграммада 11-сынып оқушыларының тарих пәнінен факультативтік курсты оқығаннан кейін ұлттық бірінғай тестілеуде алған балдарының динамикасы көрсетілген. Оқу жылы бойы оқушылар топтық және жеке жұмыс барысында тарихи тұлғалардың өмір жолы, саясаты, еліміздің тарихында алатын орны сияқты мәселелерді қарастырып презентациялар әзірлеп қорғады, ғылыми зерттеулер, кіші жобалар жазды. Бір оқушы республикалық ғылыми жобалар сайысының аудандық

кезеңінің жеңімпазы, облыстық кезеңінің қатысушысы болды, тағы бір оқушы халықаралық Сәтпаев оқуларында баяндама оқыды. Алайда қол жеткізген негізгі мақсат – оқушылардың оқу жылы ішінде тапсырған ҰБТ нәтижелері бойынша алған балдарының өсуі болды. Барлық оқушыларда қаңтар айындағы тестілеу мен маусым айындағы тестілеу нәтижелері арасында бірқатар өсім байқалады. Бірінші оқушының баллы 7-ден 13-ке дейін, екінші оқушының баллы 6-дан 14-ке дейін, үшінші оқушы 8-ден 13-ке дейін, төртінші оқушы 8-ден максималды 15 балға дейін, бесінші оқушы 9-дан 14-ке дейін көтерілген. Бұл әрине пән бойынша қосымша факультативтік курстың жүргізілуімен, оның жалаң фактілер, мәтіндер негізінде ғана емес, мультимедиалық презентацияларды, бейнефильмдерді қолданғаннан кейінгі қол жеткізген басты нәтиже болып табылады.

Эксперименттің екінші мысалы ретінде 9-сыныпта Қазақстан тарихы пәнінен жаһандық құзіреттілік курсы есебінен «Қазақстан халықаралық аренада» атты элективті курс енгізілгеннен кейін оқушылардың оқу сапасының өсу динамикасын қарастырдым.

Бұл курс 34 сағатқа арналған, Қазақстанның көршілес елдермен қарым-қатынасы, халықаралық ұйымдарға мүшелігі мен дипломатиялық қатынастары қарастырылған. Курсты оқу барысында оқушылармен түрлі заманауи әдіс-тәсілдердің көмегімен қызықты да мазмұнды сабақтар өткізілді. Case-study әдісін қолдану арқылы оқушылар Қазақстан мен халықаралық ұйымдардың жұмысына көз жүгіртті, рольдік ойындар арқылы елімізде бірнеше рет өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндер өкілдерінің съезі отырыстарын қарастырды, Қазақстанның көрші елдерімен қарым-қатынасы тақырыбына кіші жобалар жазылып қорғалды, презентациялар базасы жинақталды.



2-сурет. Эксперимент кезіндегі 9-сынып оқушыларының білім сапасының динамикасы

Эксперимент нәтижесі көрсеткендей, факультативтік және элективті курстарды түрлі заманауи әдістермен өткізген кезде оқушылардың білім сапасының көтерілуі қамтамасыз етіледі, танымдық, шығармашылық қабілеттері артады, көпшілік алдында сөз сөйлеу, өз ойын жеткізе алу, өз пікірін негіздеу, топтық, жұптық жұмыс дағдылары дамиды.

Бірнеше жылдар бойы өз тәжірибемде жоба әдісін сәтті қолданып келе жатырмын. Бесінші сынып оқушыларымен «Менің шежірем» атты бір айға арналған қысқа мерзімді жоба жұмысын жасадық. Мақсаты: өз ата-тегі туралы мәліметті тереңдету, жеті ата түсінігін бекіту, шежіре жасауға дағдыландыру, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ата-аналар көмегіне жүгінді, нәтижесінде ата-аналар сыныптың оқу-тәрбие жұмысына тартылды, қорғау үшін презентация әзірлегенде оқушылар оқитудың интербелсенді әдістерінің бірі мультимедиалық презентациялармен жұмыс жасауды үйренді.

Орта буын және жоғары сыныптарда жоба жұмысының күрделі және ұзақ мерзімді түрлерін енгізуге болады. Мысалы, 11-сыныпта «Тарихи тұлғалар» атты факультативтік курстың бағдарламасында әр тоқсан соңында бір сағат жоба жұмысына арналған. Оқу жылында әр оқушы 4 жоба дайындап, онда тарихымызда өшпес із қалдырған тарихи тұлғалардың өмірі, қызмет жолы жайлы тың мәліметтерді тауып, мектепшілік ғылыми жобалар байқауына қатысты, бір оқушы республикалық ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінде орын алса, енді бірі халықаралық Сәтпаев оқуларына баяндама әзірледі.

Білім алушылардың ой-өрістерін кеңейту, білімдерін практикалық түрде бекіту мақсатында әр тоқсанда бір рет қаламыздың мұражайларына саяхат сабақтар ұйымдастырылды. Оқушылар «ERTIS» мультимедиалық музейіне, Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейіне, Бұқар Жырау атындағы әдебиет және өнер музейіне саяхат жасады. Өлкеміздің өнер туындылары мен мәдени құндылықтарын, тарихи жәдігерлерін зерделеп мол рухани азық алып қайтты.

### **Қорытынды**

Қорыта келе, тарих пәнін оқытуда факультативтік сабақтардың маңызы зор, олар маңызды екі міндетті шешеді: біріншіден, аталған пән бойынша қызығушылықты арттыру, білімін тереңдету, білік пен дағдыларын жетілдіру; екіншіден, оқушылардың жалпы дамуы мақсатында бос уақыттарын ұйымдастыру.

Тарих пәні бойынша факультативтік сабақтарда оқушыларда мектеп бағдарламасында қамтылмай қалған тақырыптарды тереңірек зерделей алады, тарихи «ақтаңдақтармен» жұмыс істейді, жаңа мәліметтер іздеу кезінде,



тарихи құжаттармен жұмыс істегенде зерттеушілік дағдылары дамиды, өз беттерінше ақпарат іздеп, оны саралап қажетін бөліп ала алады; отансүйгіштікке, патриоттыққа баулиды, қандай да бір тарихи тұлғаның қызметіне баға береді, оның ел тарихы үшін маңызын анықтайды, тарихтағы орнын түсіне біледі. Ал бұл сабақтарды оқушылар үшін қызықты, тартымды, есте қаларлықтай етіп өткізе білу пән мұғалімінің кәсіби шеберлігіне, құзіреттілігіне және де маңызды дағдысы – жаңа, заманауи білім беру технологиялары мен әдіс-тәсілдерді игеруіне тікелей байланысты. Факультативтік сабақтар кезінде түрлі әдіс-тәсілдерді, заманауи технологияларды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігінің артуына, пән бойынша білім сапасының жоғарылап, білім алушыларда жаңа білік пен дағдылардың қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл мақалада қарастырылған заманауи әдіс-тәсілдер тек тарих пәні бойынша факультативтік сабақтарға ғана емес, сонымен қатар басқа да гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқыту кезінде қолданылуы мүмкін. Сонымен бірге Ұлттық бірінші тестілеу, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың басқа да формаларына дайындық кезінде қолдану оң нәтижеге әкеледі.

Жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ. Сонымен қатар заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізілген сабақтар барысында оқушылар іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз. Демек, жаңа әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. **Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К.** Тарихты оқыту әдістемесі. Өңделіп, толықтырылған екінші басылым. [Мәтін] Алматы: Қазақ университеті, 2016. 260 б.
2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы ҚР ағарту Министрінің бұйрығы. 2022 жылғы 3 тамыз. 238 б.
3. **Тұрлығұл Т.Т.** Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. [Мәтін] – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б., 235 б.
4. **Қалдыбаев С.** Тарих сабағында жаңа технологиялар мен әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі. [Мәтін] Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. 4.2021, 47 б.
5. **Гатовская Д.А.** Видеоурок – новый метод обучения / Д.А. Гатовская. – [Текст] непосредственный // Педагогика: традиции и инновации : материалы VI Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, февраль 2015 г.). – Челябинск : Два комсомольца, 2015. – С. 126-127.
6. **Жақупова Н.К.** Использование электронных презентаций на уроках истории и культурологии. [Текст] <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/238748-metodicheskij-doklad-na-temu-ispolzovanie-jel>. 8 с.
7. **Изотов И.В.** Изучение исторических персоналий на уроках отечественной истории. [Текст] «Young Scientist» 9(56) September 2013. 315 с.
8. История 5–11 классы. Инновационные формы уроков. [Текст] – Волгоград: Учитель, 2014. 310 с.
9. **Короткова М.В.** Нетрадиционные формы уроков / М.В. Короткова [Текст] // Преподавание истории и обществознания в школе. 2012, №7. 6 с.
10. **Бутенко Н.В.** Образовательное пространство музея искусств в художественно-эстетическом развитии детей дошкольного возраста. [Текст] Изд.: Академия естествознания. 2013. 5 с.
11. **Орлова О.С.** Музейный урок. [Текст] Учебно-методическое пособие. – СПб, 2017. – 107 с.
12. **Тохметова Г.М.** Игровые формы обучения как средство активизации познавательной деятельности на уроках истории Казахстана: методическое пособие [Текст] – Павлодар, 2009. – 41 с.
13. **Вагина М.В.** Использование метода кейс-стади как образовательной технологии. [Текст] <http://www.gup.ru/events/smi/detail.php?ID=166183> 10 с.
14. **Студеникин М.Т.** Современные технологии преподавания истории в школе. [Текст] Москва: ВЛАДОС, 2007. 11 с.

*References*

1. **Qozgambaeva G.B., Alpysbaeva N.K.** Tarihty oqytu adistemesi (2016), [Methods of teaching history].[Text] Edited and supplemented second edition. Almaty, «Kazakh University», 2016. 260 s.
2. Bilim berudin barlyq degejinin memlekettik zhalpyga mindetti bilim беру standarttaryn bekіtu turaly QR agartu Ministrinin bujrygy. (2022 zhylygy 3 тамыз). [Order of the minister of education of the Republic of Kazakhstan on approval of State mandatory educational standards of all levels of Education]. August 3, 2022. 238 s.
3. **Turlygul T.T.** Qazaqstan tarihyn oqytudyn teorijasy men әdistemesi (2011), Theory and methodology of teaching the history of Kazakhstan. [Text] – Almaty: Karasai, 2011. – 264 P., 235 P.
4. **Qaldybaev S.** Tarih sabagynda zhana tekhnologiyalar men әrtıyrlı әdis-tәsilderdi қoldanudyn tiimdiligi. [Text] Қазақстан тарихы: әdistemelik zhurnal. 4.2021, 47 b.
5. **Gatovskaya D.A.** Videourok – novyj metod obucheniya / D.A. Gatovskaya. – [Tekst] neposredstvennyj // Pedagogika: tradicii i innovacii : materialy VI Mezhdunar. nachn. konf. (g. CHelyabinsk, fevral' 2015 g.). – CHelyabinsk : Dva komsomol'ca, 2015. – S. 126-127.

6. **ZHakupova N.K.** Ispol'zovanie elektronnyh prezentacij na urokah istorii i kul'turologii. [Text] <https://www.prodenka.org/metodicheskie-razrabotki/238748-metodicheskij-doklad-na-temu-ispolzovanie-jel>. 8 s.
7. **Izotov I.V.** Izuchenie istoricheskikh personalij na urokah otechestvennoj istorii (2013), [The study of historical personalities in the lessons of national history] [Text] «Joung Scientist» 9(56) September 2013. – S. 315.
8. Istorija 5–11 klassy. Innovacionnye formy urokov (2014), [History grades 5–11. Innovative forms of lessons]. [Text] – Volgograd, Izd. Uchitel', 2014. 310 s.
9. **Korotkova M.V.** Netradicionnye formy urokov (2012), [Non-traditional forms of lessons] [Text]/ M.V. Korotkova// Teaching history and social studies at school. 2012, №7. 6s.
10. **Butenko N.V.** Obrazovatel'noe prostranstvo muzeja iskusstv v hudozhestvenno-jesteticheskom razvitii detej doshkol'nogo vozrasta (2013), [The educational space of the Museum of Art in the artistic and aesthetic development of preschool children] [Text] / Ed.: Academy of Natural Sciences. 2013. 5 s.
11. **Orlova O.S.** Muzejnyj urok. Uchebno-metodicheskoe posobie (2017), [Museum lesson. Educational and methodical manual]. [Text] St. Petersburg, 2017. 107 p.
12. **Tokhmetova G.M.** Igrovye formy obuchenija kak sredstvo aktivizacii poznavatel'noj dejatel'nosti na urokah istorii Kazahstana: metodicheskoe posobie (2009), [Game forms of learning as a means of activating cognitive activity in the lessons of the history of Kazakhstan] methodical manual] [Text] – Pavlodar, 2009. – 41 s.
13. **Vagina M.V.** Ispol'zovanie metoda kejs-stadi kak obrazovatel'noj tehnologii. [Using the case study method as an educational technology] [Text] <http://www.gup.ru/events/smi/detail.php?ID=166183>. 10s.
14. **Studenikin M.T.** Sovremennye tekhnologii prepodavaniya istorii v shkole. [Modern technologies of teaching history at school ] [Text] VLADOS; Moskva; 2007. 11 s.

З.Ш. Айткенов<sup>1</sup>, \*Д.Е. Мырзабекова<sup>1</sup>,

<sup>1</sup>Высшая школа гуманитарных наук,

Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан  
г. Павлодар, Республика Казахстан

### **Применение современных методов и приемов на факультативных занятиях по истории**

**Аннотация.** В рамках обновления содержания среднего образования в системе образования Республики Казахстан образовательный процесс претерпел множество изменений, внесены существенные изменения в структуру и содержание. Важным вопросом стало сокращение образовательных программ по некоторым предметам и получение дополнительных внеурочных знаний с целью получения полного, всестороннего образования по такому предмету, как история. Важно уметь использовать современные методы и приемы для эффективного, интересного, содержательного проведения факультативных курсов, проводимых с целью пополнения, углубления знаний, совершенствования различных умений и навыков. Применение таких методов повышает эффективность обучения, способствует укреплению знаний, умений и навыков учащихся. Главная задача учителя – сделать учебно-воспитательный процесс более интересным, разнообразить и отличать занятия друг от друга, внести новшества в каждое занятие, сформировать у обучающихся рабочее настроение, об-

легчить преодоление трудностей в усвоении учебного материала. Умение рационально применять современные методы и приемы окажет большую помощь в решении этой проблемы.

В данной статье рассматривается проблема эффективного использования современных методов при проведении факультативных занятий по истории. С их помощью будут достигнуты цели эффективного проведения урока, но в соответствии с каждым предметом метод имеет свои особенности, необходимо дифференцировать то, что соответствует содержанию дисциплины. Отличие факультативного урока от обычного заключается в добровольном участии в нем учащихся в зависимости от их интересов, поэтому важно, чтобы учитель, наряду с профессионализмом, использовал современные методы и приемы, чтобы сделать дополнительный урок привлекательным, интересным, эффективным. Информацию, собранную в этой статье, будет полезно использовать при проведении дополнительных занятий по истории, также и для учителей других дисциплин.

**Ключевые слова:** методы, факультатив, история, интерактивные методы, метод проекта, игровой метод, работа с текстом, персонификация.

Z.Sh. Aitkenov<sup>1</sup>, \*D.E. Myrzabekova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Higher School of Humanities,  
Pavlodar Pedagogical University after named Alkei Margulan  
Pavlodar, Republic of Kazakhstan

#### **Application of modern methods and techniques in elective history classes**

**Annotation.** Summary. Within the framework of updating the content of secondary education in the education system of the Republic of Kazakhstan, the educational process has undergone many changes, significant changes have been made in the structure and content. An important issue has become the reduction of educational programs for some subjects, the acquisition of additional extra-curricular education in order to obtain a complete, comprehensive knowledge of such a deep-content subject as history. It is important to be able to use modern methods and techniques to make elective courses effective, interesting, informative in order to supplement, deepen knowledge, improve various skills. The use of such methods increases the effectiveness of teaching, contributes to the strengthening of students' knowledge, skills and abilities.

This article discusses the problem of the effective use of modern methods and techniques when conducting optional lessons in history. There are many modern methods of effective conduct of classes, but for each subject it is necessary to make a differentiation that corresponds to the content of the second subject. The difference between an optional lesson from a regular lesson is that students participate in it voluntarily according to their interests, so in order to conduct an additional lesson in an attractive, interesting and effective way, along with the professional skills of the teacher, modern methods and techniques should be used. I believe that using the information collected in this article, it will be useful for teachers, allowing students to conduct additional classes more interesting.

**Keywords:** methods, elective, history, interactive methods, project method, game method, working with text, personification.